

Рустем Сауытбай

# ШОКО ӘЛЕМ

СҮҮЫК  
ТҒӘДЖ



**АСТАНАКІТАП**

Алматы, 2023

ӘОЖ 821.512.122-93  
КБЖ 84 (Қаз)  
С24

Сауытбай Р.С.  
С24 **Шоко әлем. Сұйық тәж.** / Рустем Сауытбай.  
– Алматы, 2023. – 448 бет.

**ISBN 978-601-80993-2-8**

Шоколад әлемінде енді тұздың дәмі сезіле бастады. Ащы шындық шокилерге ұнамағанымен, одан ешкім құтыла алмады. Қарсундар болса Шоко әлем қалаларында емін-еркін жүретін болды. Бұған тіпті арқуа деңгейі әлдеқайда артқан Райлдың өзі кедергі бола алмайды. Арқуандар мен қарсундар соғыстың басқа кезеңіне көшпек. Екі жақ та күш қайнары Жерде екенін анық түсінген еді. Қарсундарға өзгелер де қосылып, күннен күнге күшейіп барады. Арқуандарға Қара жақты тоқтату үшін енді одан да көп күш керек. Бірақ бұл жолы жалғыз шайқаспайды. Сұйық тәж иесін күткен ағаштар бұларға бұта ұшын бермек.



ӘОЖ 821.512.122-93  
КБЖ 84 (Қаз)

**ISBN 978-601-80993-2-8**

©Сауытбай Р.С., 2023  
©«ASTANA-KITAP» ЖШС,  
барлық құқығы қорғалған.



## 1-ТАРАУ. АШЫ ҚАЗАН

Шоко әлемде әдеттегідей қоңыр да емес, ақ та емес, бұрын болып көрмеген «сұр» кезең басталды. Неліктен сұр кезең? Өйткені қара күш пен ақ күш теңесті. Тіпті бір-неше жыл бұрын, тұздейімдіктер жалғанды жалпағынан басып жүргенде де қарсундар мұндай жоғары деңгейге жетпеген еді. Ол кезде тұздың дәмі сәл-пәл сезілетін. Шокилер уақыт өте келе тұздың дәмі еріп кететінін білетін. Олар тұздейімдіктерден сескенгенімен аса қатты қорықпайтын. Өйткені олармен күресуге қауқары жететін аркуандарға сенетін. Ал қазір тіпті аркуандардың өзі тыныш ұйықтай алмайтын болды. Түсіне қарсундар кіріп мазасын алып жүр. Енді Шококенттің тәтті көшелерінде ащы жүзді қарсунды көргенде ешкім таңғалмайтын болды. Алайда олар бұрын мұнша көп емес еді, ал қазір саны едәуір артқан. Қарсундар аркуандарды түп-тамырымен құрту жолында барын салмақ. Олар тұздейімдіктерге қарағанда әлдеқайда ақылды: шокилермен мейлінше сыпайы қарым-қатынас құруға тырысып жүр. Шокилердің



арасынан жақтастар жинап, зұлым сиқыр үйретпекші. Осылайша аз да болса қатарын көбейтіп, күш жинайды. Олардың мақсаты – шокилердің арасынан жүрегі қарайған қарсун шығару. Ал мұндай қара жүректі тұлға әдетте миллионнан біреу ғана шығады. Дегенмен бұл жолы жүрегі жартылай қарайған шокилер көп кездесті. Оларға зұлым сиқыр үйрету тіптен қиын болған жоқ. Себебі зұлым сиқыр аркуа үйрегеннен әлдеқайда оңай. Үй салғаннан үйді бұзған оңай емес пе?

Алайда қарсундардың жергілікті тұрғындарды қырып салатын кездері де болды. Сондықтан жұрт бұлардан аулақ жүреді. Қалай қашпайсың? Жай қасыңнан өткеннің өзінде тұла бойың мұздап, үрейлене қаласың. Кейбір қарсундар жымиюға тырысса да жүзінен бәрібір салқындық сезіледі. Жай салқындық емес, ащы салқындық.

Екі жақ бір-бірімен соқтығыса қоймайды. Өйткені басты мақсаты – күш жинап, алдағы үлкен шайқасқа дайындалу. Дегенмен кішігірім қақтығыстар болып тұрады. Аркуан мен қарсун кездесіп қалса, ол жердің температурасы жоғарылай бастайды. Алайда кейде бір-бірінің қасынан жай өтіп кететін кездері де болады.

Шокохан сиқырлы шоколад дәндерін Шококенттен алып кетуге мәжбүр болды. Әйтпесе, қарсундар кез келген уақытта шабуыл жасауы мүмкін еді. Шокилер қиын жағдайға тап болды. Өйткені үйлердің қабырғалары ери бастады. Енді олар амалсыздан тұз қолданып,



қаладағы үй-жай қайта қалпына келді. Тұрғындар тәтті мен ащының ортасында қалды. Әйтсе де, тәттінің дәмі толығымен кете қоймаған еді. Себебі Шокохан қаланың ешкімнің аяғы баспайтын жеріне біршама дән тығып қойған еді. Осылайша тұз қосылған шоколадты қала жаңаша өмір сүріп келеді.

Шококент көшелерінің бірінде екі шоки бала ойнап жүр. Екеуі де ерекше киініп алып, әлдебір кейіпкер рөліне кіріп кеткен. Олар бір-бірімен шайқасып ойнап жүр. Соған қарағанда кейінгі кезде болып жатқан жағдайлар балалардың ойынына да әсер еткенге ұқсайды.

– Менің арқуа деңгейім – бесінші дәреже. Қазір сенің быт-шытыңды шығарамын, – деді он екі жасар бала арқуа жасауға дайындалғандай.

– Ал, мен алтыншы деңгейдегі қарсунмын. Қазір сені күлге айналдырып жіберемін, – деп сол қатарлы бала отты шар атуға дайындалды.

– БЫЫДДДЫЫЖЖ!!

– ТАААДДЫЫЫЫЖЖ!! – деп олар қолдарын бір-біріне сермеп жатыр.

– Мәәә!! Отты куб!!

– Ал менің қорғаныс айнама бар, ха-ха!

– БЫЫДДДЫЫЖЖ!!

– САААДДЫЫЫЫЖЖ!!

– Отты шар! – деген еді қарсун бала...

Бір кезде әлдебір жақтан:

– ШШШААДДАҺ!! – деп кәдімгі отты шар ұшып келіп



аркуан болып ойнап жатқан балаға тиді.

Не болғанын түсініп үлгермеген бала үш метр жерге ұшып түсті.

– Ааа, кеудем, – деп ыңырсыды жерге құлаған бала.

– Аааа...не болды? Бұл отты шар қайдан шықты?! – деп жаңағы қарсун бала түсінбей, айналасына үрейлене қарады.

– Қайдан дегенің қалай?! Сен аттың ғой! – деген зілді дауыс келді арт жақтан. Екі бала бағанға сүйеніп тұрған кісіге жалт қарады. Жүзі суық, қара жамылғыдағы кісі оларға қарап тұр екен.

– Мееннн?.. – деді бала не қуанарын, не өкінерін білмей.

– Иә, сен. Керемет соққы болды, солай ма? Қайта шардың күші әлсіз болып, досыңның жолы болды. А-а, досың деппін ғой, дұшпаныңның, – деп жаңағы кісі оларға жақындай түсті.

– Біз жай...ойнап жатқанбыз, – деді қарсун рөліндегі бала не айтарын білмей шегініп тұрып.

– Қһа-қһа-қһа, «ойыннан от шығады» деген осы. Керемет от шықты ғой. Күштірек соққы жасауы керек еді. Сонда ол міз қақпай құлар еді. Бәлкім, тұра алмай қалар ма еді, қһа-қһа-қһа, – деді жаңағы қара киімді кісі қарқылдап күліп.

– Хе-хе-хе, бұлай істей алатынымды білмейді екем, – деп баланың көңілі көтеріле бастады.

– Сенен керемет қарсун шығады, – деп жамылғыдағы

